

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «Жас Дарын-2» бастауыш мектебі ЖШС

**2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие»
бағдарламасының» жылдық есебі**

2023 -2024 оқу жылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл, жәнәнамысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі (1-4 сынып)

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Сынып жетекшінің міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

➤ 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

➤ Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

➤ Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

		1- апта		жоспары		орынбасары, Сынып жетекші
3.	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» <i>№1 ЖЖЕ</i> 1- сынып «Көше күтпеген оқиғаларға толы.» 2- сынып «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері» 3- сынып «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.» 4- сынып «Жол жүру ережелерін білеміз бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 2- апта	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық Ішкі істер басқармасы , <i>жол Полициясы</i>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР ПМ қарасты жергілікті <i>жол полициясы</i> департаментінің өкілдері
4.	5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар	1-4 сыныптар 2- апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.	Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет	1-4 сыныптар 3- апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
6.	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	1-4 сыныптар 3- апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7.	Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл	1-4 сыныптар 4- апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр -
 - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына
 - 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 ж

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1 қазан - Қарттар күні	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	5 қазан – Мұғалімдер күні ЖЖЕ №2 1-сынып «Жаяу жүргінші өтпелері.» 2-сынып Реттелмейтін жол қиылыстары.» 3-сынып «Қай жерлерден жолдан өтуге болады.» 4-сынып «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.»	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4	«Өмірге Иә деп айт!»	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.	«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»	1-4 сыныптар 3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Шымкент қалалық Ішкі істер басқармасы мен жол полициясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР ІІМ қарасты жергілікті жол полициясы департаментінің өкілдері
6.	Қазақ жазушысы қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	1-4 сыныптар 3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР ІІМ қарасты жергілікті жол полициясы департаментінің өкілдері

7.	«Әкем айтқан нақыл сөз...»	1-4 сыныптар 3 апта	Сыныптан тыс іс- шара Ата-аналар жиналысы	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/ сценар иі	Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
8.	<i>25 қазан – Республика күні</i>	1-4 сыныптар 4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
9.	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар 4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалақ Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	10-11 Сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	10-11 Сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер

3.	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 2 апта	Тәрбие сағаты	Командалық жұмыс, Тимбилдинг	Шымкент қалалық халқы Ассамблеясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, жергілікті Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері
4.	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Экология басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тиісті министрліктің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
5.	«Әдепті адам-әдемі адам»	1-4 сыныптар 3 апта	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағаттары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші

6	15 қараша - Ұлттық валюта күні	1-4 сыныптар 3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7.	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар 4 апта	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары, Ата-аналардың жиналысының хаттамасы	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
8.	«Бабалар салған ізімен...» республикалық айтыс ұйымдастыру («Төрт тоқсанға төрт шара» жобасы)	1-4 сыныптар 5 апта	Тәрбие сағаты	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Мен - еріктімін» (<i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты (Ата-аналар жиналысы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	Біртұтас болашақ» (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 1 апта		Тимбиллдинг		Сынып жетекші, жергілікті Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері
3.	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» (<i>«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 2 апта	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
4.	16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы	10-11 Сыныптар 3 апта	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
6.	«Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» педагогтармен кездесу, сұбаттасу, тәлімгерлік жасау	1-4 сыныптар 3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
7.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (<i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 4 апта	Ата-ана Жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші

8.	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар 4 апта	Тәрбие сағаты	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары
9.	«Қауіпсіз Интернет» ЖЖЕ №3 1-сынып «Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.» 2-сынып «Реттеуші және оның белгілері.» 3-сынып «Қай жерлерден жолдан өтуге болады.» 4-сынып « Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.»	1-4 сыныптар 5 апта	Тәрбие сағаты	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	«Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі	Ата-ана Жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3.	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы	Ата-ана Жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4.	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Экология басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, тиісті министрліктің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
5.	«Мұндай мамандықтар бар!»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
6.	Әскери бөлімдер мен мекемелерде Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының тәрбиеленушілері;	Ашық Есік күні	Жастарды қорғаныс саласындағы жаңа технологиялар	Шымкент қалалық Қорғаныс басқармасы	АӨП ұйымдастырушы-жетекшісі, «Жас Сарбаз» қозғалысының аймақтық

		«Жас сарбаз» қозғалысын ың облыстық филиалдары ның төрағалары, тәрбиеленуш ілері, «Жігер» республикал ық әскери- патриоттық лагері		мен таныстыру		филиал төрағалары, ҚР Қорғаныс министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
7.	Белгілі спортшылардың, оның ішінде Паралимпиада	1-4 сыныптар	Кеңесте р өткізу	Бейнематериалдар жасау	Шымкент қалалық Мәдениет және спорт	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар 1 апта	Ата-ана сағаты	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	1-4 сыныптар 2 апта	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараның жоспары/сценарийі	Шымкент қалалық Ақпараттық қауіпсіздік комитеті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
3.	«Әлеуметтік желілердің жасөспірімдерге әсері»	1-4 сыныптар 3 апта	Сынып сағаттары	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4.	«Отбасыдағы ортақ тіл» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Ата-аналар, педагогтер 4 апта	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.	Білім беру мекемелері Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен мотивациялық кездесулер ұйымдастыру	1-4 Сыныптар 4 апта	Ата-аналар жиналысы	Жастарға кәсіби бағдар беру кездесулері н өткізу	Шымкент қалалық «Жастар Ассамблеясы» Кеңесі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, «Жастар Ассамблеясы» РҚБ өкілдері, сертификатталған тренерлер
6.	Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережені және олардың жұмыс жоспарын әзірлеу	Салалық өкілетті орган, Білім беру ұйымдарының Басшылары 5 апта	Мектеп клубтары	«Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережесі әзірленіп, бекітіледі	Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер

7.	Республикалық «Айбын» жастар слеті	«Жас сарбаз» ЖК филиалдары ның төрағалары 5 апта	Патриоттық клубтар мен сыныптар	Жастарды қорғаныс саласындағ ы жаңа технология ларм ен таныстыру	Шымкент қалалық Қорғаныс басқармасы	АӘП ұйымдастырушы- жетекшісі, «Жас Сарбаз» қозғалысының аймақтық филиал төрағалары, ҚР Қорғаныс министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
----	---------------------------------------	--	---------------------------------------	---	---	--

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1 наурыз – Алғыс айту күні	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3.	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) жобасы)	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.	21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы	1-4 сыныптар 3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
6.	«Менің елімнің	1-4	Сынып	Сынып	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі

	тарихы» <i>ЖЖЕ №4</i> 1-сынып «Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.» 2-сынып «Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.» 3-сынып «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.» 4-сынып «Темір жол өтпелері.»	сыныптар 3 апта	сағаттары	сағатының жоспары		жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7.	«Домбыра Party» <i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	1-4 сыныптар 3 апта	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
8.	«Экологиялық калейдоскоп» <i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>	1-4 Сыныптар 4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена ріі	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3	12 сәуір - Ғылым күні ЖЖЕ №5 1-сынып «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.» 2-сынып «Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)» 3-сынып «Сен – велосипедші.»	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
	4-сынып «Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.»					

4.	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы 1-4 сыныптар 3 апта	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
5.	Туберкулез, менингит ауруларынан сақтық шаралары	1-4 сыныптар 4 апта	Сынып сағаты Эссе жазу	Сынып сағатының жоспары Эссе жазу	Шымкент қалалық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы, Шым кент қалалық Денсаулық сақтау басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
6.	«Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-4 Сыныптар 4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7.	Оқушыларға дене шынықтыру- сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру	1-4 сыныптар 5 апта	Экскурсиялар ұйымдастыру	Экскурсия	Шымкент қалалық Мәдениет және спорт басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары
8.	Спорт ардагерлерімен достық кездесулер (шығармашылық матчтар) өткізу	1-4 сыныптар 5 апта	Кездесулер ұйымдастыру	Кездесулер	Шымкент қалалық Мәдениет және спорт басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, мәдениет және спорт министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары

МАМЫР – БЕЙІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1-4 сыныптар 1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2.	7 мамыр-Отан қорғаушылар күні	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3.	9 мамыр-Жеңіс күні	1-4 сыныптар 2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4.	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы»	1-4 сыныптар 3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

	жобасы) ЖЖЕ №6 1- сынып «Қорытынды сабақ.» 2- сынып «Қорытынды сабақ..» 3- сынып «Қорытынды сабақ.» 4- сынып «Қорытынды сабақ.»					Сынып жетекші
5.	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі , Әкеле р клубы	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
6.	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата- аналар 3 апта	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
7.	Спортшылардың, балалар мен ата-аналардың қатысуымен жыл сайынғы жаппай кросстар мен жарыстар өткізу	1-4 сыныптар 4 апта	Кросс ұйымдастыр у	Сынып сағатының жоспары	Шымкент қалалық Мәдениет және спорт басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР мәдениет және спорт министрлігі
8.	«Отбасым – алтын дінгегім	1-4 сыныптар 4 апта	Сынып сағаттары	Сынып сағатының жоспары	Мектепшілік	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
9.	Белгілі спортшылардың, оның ішінде Параолимпиада ойындарына қатысушылардың спортың рөлі туралы бейнематериалдарды көрсеті	1-4 сыныптар 5 апта	Бейнематери ал дайындау	Мақала жариялау	Шымкент қалалық Мәдениет және спорт басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші ҚР мәдениет және спорт министрлігі

Сынып жетекшілермен жұмыс

1-қыркүйек Мектебім-мейірім мекені тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Барлық сынып жетекшілер оқу жылының басталуы туралы ата-аналар жиналысын өтті. Сынып жиналыстарын өтті. 9-айға тоғыз іс-шара бойынша барлық сыныптар сергіту сәтін өткізіп ол фейсбук парақшасына жарияланды



«Абайланыз, балалар!» акциясы барысында іс шара жоспары түзеліп жоспарға сәйкес барлық сыныптарда түрлі іс-шаралар өтілді. Атап айтсақ, «Сен жол ережесін білесің бе?» тақырыпта дөңгелек үстел, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Менің жолым» сурет байқауы, «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» сынып сағаты, «Бағдаршам - біздің досымыз» жол инспекторымен кездесу, жол қозғалысы ережесі бойынша «Үздік сурет» байқауы және балалардың жол жарақаттануының алдын алу бойынша бірыңғай құқықтық сағаты өтті



2023 жылдың қыркүйек айының бірінші аптасында Отбасы күніне орай «Менің отбасым», «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

Жыл басында «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, жалпы мектепшілік ата-аналар комитетінің мүшелері сайланды.

5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдер күні мерекесіне орай «Тілдің мерейі – елдің мерейі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Отанымызды сүю, туған жерге ыстық ықыласты білдіру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау мақсатында бастауыш сыныптарының арасында «Табиғат тамшылары» атты суреттер байқауы өтілді. Және «Табиғатты қорғайық» сенбілігі өтті.



1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай «Әкеге – ізет, анаға - құрмет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Қазан айы: 4-сыныптар С.Көбеевтің туылғанына 145 жыл және М.Жұмабаевтың туылғанына 130 жыл толуына орай ашық тәрбие сағаттарын өтті. Ұстаздар күніне орай тәрбие сағаттар өтіліп соңынан мектептің акт залында концерттік бағдарлама болып өтті. 9 айға 9 іс-шара бойынша Егеменді еліміздің гимні орындады. Ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстаз саған мың алғыс!» атты мектеп ұстаздарына және ардагер ұстаздарға құрмет көрсету мақсатында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, сынып сағаттары

өтілді.



- Қараша: 9 айға 9 іс-шара бойынша Асық ату жарысы болып өтті.
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес 1-4 сыныптарда сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 15 қараша-Ұлттық валюта күні тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.
- Желтоқсан: Тәуелсіздікке апталық іс-шара жоспары бекітілді ол бойынша ашық сабақтар, эссе, дөңгелек үстел, суреттер көрмесі, оқулықтар көрмесі

ұйымдастырылып өтті. 16 желтоқсан ҚР-ның Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тұғыры биік – тәуелсіздік!» атты сынып сағаты өтілді.

9 айға 9 іс-шара бойынша шахмат челенджі өткізілді. Жаңа жыл бойынша 1-4 сыныптарда спортзалда ертеңгілік өткізілді. 2-



тоқсан аяқталуы және техника қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі бойынша сынып және ата-аналар жиналыстары өткізіліп хаттамалары жазылды.

Желтоқсан айында «Құтты болсын, құтты болсын, Жаңа жыл!» мерекелік іс-шарасы өткізілді.

- 1.03.2024ж.күні 1-4 сыныптар жетекшісі “Алғыс айту күні” мектебі бойынша сынып сағаттары тақырыбында сабақ өтті.
- “8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні” мерекесіне орай "Ана - өмірдің гүлі" атты мерекелік іс-шара өткізілді.



Мектебіміздің оқушылары ана жайлы тамаша сөздер мен өлендер, әндер арқылы мектебіміздің ұстаздарына, қыздарына жыр-шумақтарын арнады. Даналық тағылымы "ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда, ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мақсатында жұмыстар атқарылды.



05.03.2024 Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай «Қазақтың салт дәстүрін дәріптейік» тақырыбында 4-сыныптар сыныптан тыс іс-шара өткізді.

- 14 наурыз – Көрісу күні, Амал мерекесі аталып өтті

Мақсаты: адамзат баласының бірін-бірі жылы жүзбен қабылдауы, бұрынғы өкпе реніштерді кешіру және мерекенің аталып өту ауқымын кеңейту болып табылады.

- 15.03.2024ж.күні 4-сынып жетекшісі “Даналық мектебі” бойынша “Дәстүрімізді дәріптейік” тақырыбында ата-аналармен сыныптан тыс іс-шара өткізді. Ата-аналар оқушыларға ұмыт болып жатқан салт-дәстүрімізден көріністер көрсетті.

- 18.03.2024ж.күні мектепшілік “Қош келдің, әз Наурыз” атты іс-шара жоспары бойынша “Ұлттық тағамдар күні” тақырыбында 4-сынып оқушылары арасында байқау ұйымдастырылды. Оқушылар ұлттық тағамдарды слайдтар, бейнероликтер арқылы жасалу жолдарын түсіндірді.

- 14.03.2024ж.күні мектепшілік “Қош келдің, әз Наурыз” атты іс-шара жоспары бойынша “Наурыз-көктем” тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында бейнелеу пәні мұғалімдері суреттер көрмесін ұйымдастырды.

- 18 наурыз - Ұлттық киім күні

Ұлттық киім – кез келген халық мәде-ниетінің ажырамас бөл-шегі. Бұл жай ғана киім емес, бүтін ұлттың өткенінің өрнегін, бет-

бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

Ұлттық киімімізді ұлық-тау арқылы халықты елдік құндылықтарға жақындата түсеміз.

18.03.2024ж.күні мектепішілік “Қош келдің, әз Наурыз” атты іс-шара жоспары бойынша дене шынықтыру пән мұғалімдері ұйымдастыруымен 3-4-сынып оқушылары арасында “Асық ату” ойындары өтті. Жеңімпаздар мектеп директорының Мақтау қағазымен марапатталды.

- 19 НАУРЫЗ — ЖАҢАРУ КҮНІ!

Тал егу акциясы – өте маңызды іс екені сөзсіз. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі.

Осы Жаңару күні көктемгі ағаш егу дәстүрі барлық білім беру мекемелерінде көрініс тапты. Тал егу жұмысы арқылы болашақ ұрпаққа табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру парыз.

Жүйелі көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мектеп ауласына жаңа көшеттер отырғызылды.



«Күй күмбірі»


челенджі жолданды.

❧ «Күй күмбірі» Республикалық челенджі өткізілді.

◆ Мақсаты:

Өскелең ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттың мәдени мұрасын сақтау және тарату, дәуірлік аспап – домбырада ойнауды кеңінен насихаттау.

◆ Ис-шара білім алушыларды ұлттық рух пен отан сүйгіштікке тәрбиелеуге, елдің мәдени мұрасын сақтап, балалар арасында ұлттық музыкалық аспапты насихаттауға бағытталған.



Республикалық

Білім алушылардың қазақ халқының музыкалық мәдениетіне қызығушылықтарын ояту, орындаушылық дағдыларын қалыптастыру, қазақ халқы аспаптарының дыбысталуы туралы білімдерін кеңейту, домбыраның сүйемелдеуімен музыка ойнаудың ұжымдық түрлерін жетілдіру.

Аталған челлендж мәдени маңызы бар кең ауқымды мәдени іс-шараларға жол ашатынына, мерекелік күй күмбірінің өзі жылулыққа, ұлттық бірлік қазақ халқының мәдениеті әдеп-ғұрыптарына толы болатынына сенімдіміз.

- 21.03.24ж.күні “ ӘЗ НАУРЫЗ” атты концерттік бағдарлама өткізді.

Наурыз мейрамы құтты болсын!!! Наурыз мейрамы –ежелгі заманан қалыптасқан ұлттық мейрам.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш,

құт - береке, бақыт пен молшылық әкелсін!!!

Сәуір айы «Достық көмекпен мықты» атты мектепшілік сынып сағатты өтті.Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып олардың достық қарым қатынасын нығайту оқушылардың адамгершілік қасиетін бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» сынып сағаты жоспары өтті.Оқушылардың бойына ұлттық сезім қалыптастыру.Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшелігімен құндылығын бағалауға қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.Тағамдардың жолдарын түсінік беру.

«12 сәуір ғылым күні» Халқымыз үшін білім мен ғылымның тәліммен тәрбиенің орны қашанда бөлек. Бабалармыз ілім мен ғалымның оқу арқылы табылатының дұрыс ұсынған . «Ғылым таппай мақтанба» деп жас ұрпақты ғылымға жетелеген ұлы Абай ұстанымы бүгінде маңызын жойған жоқ

«1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні». Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің қазақстан халқына деген сыйластығын қалыптастыру,ұлттық қарым қатынасын халықтар достығына нығайту тәрбиелеу.

7-мамыр отан қорғаушылар күні. Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын аитып жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып балаларды отан қорғауға батылда ержүрек болуға үйрету.

9- мамыр жеңіс күні атты тақырыпта сынып сағаттары өтті.Оқушыларды адамгершілікке отаның сүйге оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігі арттыру.Оларға патриоттық тәрбие беру.Оқушылардың Ұлы отан соғысымен қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып ой өрнесін дамыту.

Орындаған ДТЖО: И.М.Айвазов

Мектеп директоры: Б.М.Шеримов



